



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Абулхайрхани» шығармасы. Онда да осы кезеңдегі Дешті Қыпшақ, Мәуреннахр, Моғолстан және Ноғай ордасындағы саяси оқиғалар жан-жақты баяндалады. Оқиғалар барысын айтумен қатар мұндағы құнды дерек Әбілхайырды 1428 жылы хан сайлағанда 170 ру өкілдерінің атын атайды және Әбілхайырдың үкіметінің ішкі-сыртқы саясаты туралы бірден бір дерек береді. Бұлардың барлығы да дерлік орта ғасырда өмір сүрген қазақ халқының құрамына енген руларымыздың тарихынан сыр шертері айқын.

Орыс тарихшылары мен ғалымдарының арасында қазақ халқының этногенез мәселесі аз зерттелген жоқ. Олар туралы жазу жеке тақырыққа саяды. Бірақ сонда да Л. Н. Гумилевті айтпай кетуге болмайды. «Көне Түріктерінде»[9] ежелгі түріктердің қуатты мемлекеті – Түрік қағанатының туу, даму және құлау жолын зерттеп, тарихи проблемалардың кең көлемді мәселелеріне, түріктердің саяси өміріне, тұрмысы мен дініне, мәдениетіне және Орта Азиялық көшпенділердің екі дәуірі - ежелгі заман, орта ғасыр заманы тоғысар кезіндегі географиялық қоныс өзгерістеріне көп көңіл бөлген. Кітап үш бөлімнен тұрады. Л. Н. Гумилевтің біздің қазақ тарихы үшін ұлылығы, ғылыми құндылығы көне түріктердің қазақ халқының этногенезінде басты рөл атқарғанын қадап айтып кетті.

Біз осы жоғарыда айтылған деректердің құндылығын түсініп зерттеу үстіне зерттей түсуіміз керек. Тарихымыздың Ұлы кезеңі, яғни қазақ халқының халық болып қалыптасып, дербес Қазақ хандығын құруда сол заманда өмір сүрген халықтардың зор үлесі болғанын айтып дәлелдей алсақ ол тарихымызға қосқан үлесіміз деп айтар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұхаммед Хайдар Мырза Дулати. Тарихи Рашиди. Мына кітап: Материалы по истории казахских Ханств ХУ-ХУІІІ в.в., Алма-ата, 1969. 185-231 беттер.
2. Осында.
3. Махмуд ибн Уали. Бахр әл асрар. М.И.К.Х., Алма-ата, 1969. 120-368 беттер.
4. Масуд ибн Осман Кухистани. Тарихи Абулхайрхани. М.И.К.Х., Алма-ата, 1969. 135-171 беттер.
5. Захир ад дин Мухаммед Бабыр. Бабырнама. Алматы, 1980.
6. Сыздықова Р., М. Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, 1992.
7. Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине ХУ- начало ХУІ веков. Алма-ата, 1977.
8. Махмуд ибн Уәли. Бахр ал-асрар. М.И.К.Х., Алма-ата, 1969. 320-368 беттер.
9. Гумилев Л. Н. Көне түріктер. А., 1994. 4б.

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҚУДАЛАУ САЯСАТЫ

Бейбіт Айсұлу

ais_11.91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Тарих факультеті, 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., профессор Садвокасова З.Т.

1905-1907 жылдардағы Патшалық Ресейде болған революциялық қозғалыс барысында барлық деңгейдегі орыс әкімшілігі қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысын бастаушы саяси күш – ұлттық интеллигенциямен бетпе-бет келді. Сондықтан осы мезгілден бастап әкімшілік орындары ұлттық интеллигенцияның белсенді өкілдерін қудалау саясатын қолға алды. Бұл саясаттың басында империяның Ішкі істер министрлігі тұрды, ал жергілікті жерлерде оның нақты жүргізушілері губерниялық және уездік әкімшілік орындары болды. Бірінші орыс революциясы қазақ даласын оятып қана қоймай, халықтың санасын күнделікті көшпелі өмір тіршілігінен саясатқа бұрды. В.Н. Ленин былай деп қорытынды жазады: «Дүниежүзілік

капитализм мен 1905 жылғы орыс қозғалысы Азияны біржола оятты. Езілген ортағасырлық тоқырауда тағаланған жүздеген миллион халық оянып, жаңа өмірге адамның ең қарапайым праволары жолындағы, демократия жолындағы күреске ұмтылып отыр [1,46 б].

Бірінші орыс революциясы жылдары ұлт-азаттық қозғалыстың әсіресе, далалық облыстарда белсенді жүргізілді. Далалық облыстардың генерал-губернаторы тұрған облыс және уезд әкімшіліктері ұлт-азаттық қозғалыстың бастаушы өкілдерін, шығармашылық қызметімен ұлттық санаға ықпал жасай бастаған ақын-жазушыларды, революция жылдары түрлі саяси істерге белсенді атсалысқан жеке адамдарды, дін қызметкерлерін жазалау шараларын іске асырды.

1905 жылы жаз айларында түрлі жәрмеңкелер мен жайлауларда мыңдаған адамдардың қатысуымен өткен жиналыстар, оларда қабылданып, үкімет орындарына жөнелтілген петициялар отаршыл әкімшілік үшін күтпеген белсенділіктің көрінісі еді. Сондықтан да үкімет орындары бұл оқиғалардың одан ары өріс алмауына қажет шараларды істеп бақты. Сол кездегі оқиғалардың куәсі М.Тынышбаевтың көрсетуіне қарағанда, 1905 жылдың күзіне қарай Семей губернаторы Галкин билік орындарына қазақтарды Омбыда өтпек жиналысқа жібермеу туралы жарлық береді. Әскери генерал Романов қазақ тілмаштарын жұмыстан босатып, оларды орнына орыс-қазақды қабылдайды. Крестьян және уезд бастықтарына қазақтардың үстінен бақылауды күшейту және түрлі петицияларға қол қойғандардың тізімін жасау жөнінде нұсқау беріледі. Бұл ретте, әсіресе көзге түсуге тырысқан Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский еді. Ол Қарқаралы петициясына қолдарын қойған 42 болыс пен биді жауап алу үшін Қарқаралыға шақыртады, бірақ олардың бірде-біреуі келмейді.

Бұл ретте ең алдымен көзге іліккен – Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі, бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі, оны таратуға қарсылық білдіріп басқа депутаттармен бірге Выборг манифесіне қол қойған, орыс тілді басылымдардағы өткір мақалаларымен көзге түсіп үлгерген Әлихан Бөкейханов. Әкімшілік орындары даладағы революциялық өрлеу барысында-ақ оны халық бұқарасынан аластауға тырысты. «1906 жылы қаңтарда, азаттық күндерімен бірге келген оқиғалар ағымында Семейде облыстық съезде өтетін болды. Соған қатынасуға Павлодардан Семейге келе жатқан жолымда, - деп жазды Бөкейханов,- мені Ямышевск поселкесінде 8 қаңтар күні тұтқынға алды...» Сол қамалғаннан ол ешқандай да тергеусіз 30 сәуірге дейін, яғни Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының елубасылары Мемкеттік Думаға депутат сайлаушы етіп бекіткені мәлім болғанға дейін абақтыға отырады [2, 125 б].

Араға бір жыл салып, яғни 1908 жылы Ә. Бөкейханов Выборг манифесіне қол қойғаны үшін заңдар жинағының 51-бабының 129- бабының 3-тармағының 1-бөлімі бойынша жауапқа бтартылып, Петербург округтік сотының үкімімен Семей абақтысында бірнеше ай отырып шығуға міндеттенді. Осы жылдан бастап үкімет орындары қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсірету және бастаушысыз қалдыру мақсатында оның белсенді қайраткерлерін қазақ облыстарынан тыс аудандарға жер аудару тәжірибесін қолданды. Ә. Бөкейханов Семей абақтысынан шыққаннан кейін ішкі Ресей қаласы Самарада жандарм орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды.

1905 жылдың саяси оқиғаларына белсенді түрде араласқан Қарқаралы петициясын дайындау кезінде, ел арасындағы саяси үгіт насихат жұмысында ерекше белсенділігімен танылған Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов бастаған қазақ интеллигенциясы еді. Қазақ даласында өздерінен басқа ешкім де еркінсінбеуі керек деп түсінген патша чиновниктері бұл жағдайды бірден аңғарды. Олар көп ойланбастан тиісті орындарға, жандарм тыңшыларына Қарқаралы интеллигенциясы үстінен тыңшыларына Қарқаралы интеллигенциясы үсінен, алдымен олардың жетекшісі ретінде танылған Ж.Ақбаев пен А. Байтұрсынов жайында тиесілі материалдар жинауды тапсырды. Соның нәтижесінде 1906 жылы 4 тамызда Омбы сот палатасының отырысында Ж.Ақбаевтың «үкімет орындарына қарсы әрекет іс» қаралды. Сот жалған көрсетулер берген куәлердің келмеуіне, ал келгендерінің бұрынғы көрсетулерінен бас тартуына байланысты айыпкерге тағылған бірде-бір кінәнің негізсіз екендігін мойындауға мәжбүр болған еді. Семей губернаторы Тройницкий Омбыдағы бастығына жазған қатынас

хатында осы сот отырысының жай-жапсары жөнінде баяндай келіп: «Сот палатасы қырғыздардың көтеріліп кетуінен қорыққандықтан Ақбаевты ақтап шықты» деп жазды [3,11 б].

Семей облысындағы белсенді қазақ интеллигенттерін қудалау ісі облысқа 1908 жылы әскери губернатор қызметіне А.П. Тройницкий келгеннен кейінгі уақытта ушыға түсті. Өзінің реакциялық іс-әрекеттерімен прогресивті көзқарастағы Тройницкийдің Семейге келген бетте қолға алған істерінің бірі түрлі лас жолдармен қазақ зиялыларының үстінен материал жинап, жиналған материалдарды негізге ала отырып, ол 1908 жылы 17 қарашада дала облыстары генерал-губернаторына құпия қатынас жазып, онда Ж. Ақбаевқа бірнеше айып тақты. Олардың қысқаша былай делінген: 1) 1905 жылы 15 қарашада Қарқаралыда өткен митингіде басым бөлігі бағынбауға шақырып, «Патша ендігі уақытта патша емес, біздің құлымыз, бостандықты патша өз еркіден берген жоқ, одан халық тартып алды!» деген сөздер айтқан, халықты алым-салық салық төлеуден бас тартуға шақырған; 2) 1907 жылы маусымда Қоянды жәрмеңкесінде переселен учаскелер дайындайтын комиссияның отырысы үстіне рұқсатсыз кіріп келіп, қазақтар Мемлекеттік Думаның арнайы ұйғарымынсыз бір тұтам да жер бермейтіндігін, қажет болса жерін қорғап өлуге даяр екендігін айтып, комиссия төрағасын қорлаған; 3) Петербург университетінің профессоры Петражицкийге жазған хатында өзінің қазақтарға ықпал жасап, орыс билігіне қарсы қарулы көтеріліске даярлағанын айтқан; 4) басқа қазақтармен бірге орыс патшалығының құрамынан кету жолдарын талқылап, сөйтіп сеператистік пиғыл тудырған; 5) Бөкейхановқа беру үшін қазақтардан қаржы жинаған т.с.с [4, 25 б.].

Ақбаев атына осындай айыптар тағып және оларды өзінде бар фактілермен дәлелденіп, Тройницкий мұндай әрекеттердің қазақ даласында орыс билігінің қадірін түсірмесе көтермейтіндігін таусыла айтып, генерал-губернатордан Дала Ережесінің 17-бабына сай Ж. Ақбаевты Сібір өлкесінің бір алыс түкпіріне жер аударуды қиыла өтінеді. Дала облыстары генерал-губернаторы Е.О. Шмит Тройницкийдің ұсынысын қабыл алып, 1908 жылғы 4 желтоқсан ішкі істер министріне жолдаған № 99 өтініш хатында «егер Ақбаевты Семей облысынан тағы да сол қырғыздар қоныстанған Ақмола облысына жер аударумен қанағаттансақ, онда ол отандастарына ықпал ету арқылы өзінің зиянды әрекеттерін жалғастыра бермек, сондықтан да Ереженің 32-36 баптарына сәйкес полиция бақылауында бес жылға Якут облысына жер аударуды» сұрайды[5, 38 б].

Ж. Ақбаев ісін Ереженің 34-бабына сәйкес құрылған Ереже Кеңес қараған соң, ішкі істер министрі 1909 жылы 2 қаңтарда «Ақбаев астанадан, губерния және дала генерал-губернаторлығы орталықтарынан басқа, өзі қалаған жерге 1908 жылдың 22 желтоқсанынан бастап санағанда екі жылға жер аударылып ашық полиция бақылауына бағындырылсын деген үкім шығарады.

Бұл уақытта губернатор Тройницкий министрдің шешімін күтпей-ақ желтоқсанның орта тұсында жергілікті полиция орындарына бұйрық беріп, ауру Ақбаевты тұтқынға алады. 1909 жылдың қаңтарының басында Қарқаралы уезінің ақсақал, би, старшин және болыс басқарушылардың үлкен тобы «Ақбаевтың жазалану себебі мүлдем түсініксіз», деп тауып, сондықтан да оны абақтыдан босатуды талап етіп генерал-губернатор Шмитке хат жөнелтеді. Шамамен осы мазмұндағы өтініш Ақбаевтың отбасынан да түседі. Бірақ бұл өтініштер қабылданбайды. 1909 жылы наурыз айында Ж. Ақбаев тиесілі мерзімді өтеуге Жетісу облысындағы Қапал қаласына жіберіледі.

Ж.Ақбаев жер аудару Қарқаралы интеллигенциясына қарсы жүргізілген жазалау шарасының басы болатын. Ендігі кезек Қарқаралыдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Ахмет Байтұрсыновтікі еді. 1909 жылы мамыр айында уез бастығының көмекшісі Солотич пен Қарқаралы тұрғыны Т. Шыңғысовтың көрсетулерін негізге ала отырып, губернатор Тройницкий Округтік оқу бөлімінің меңгерушісі А.Е. Алекторовтан Байтұрсыновты қызметінен босатуды талап етеді. Қызметтен босаған Байтұрсынов Омбыға Алекторовқа аттанады. Істің мән жайын түсінген соң Алекторов Байтұрсыновқа өз қызметін қайтарып беруге уәде береді. Мұны естіген Тройницкий 11 шілдеде Байтұрсыновтың үйінде

тінту жүргізіп, өзін тұтқынға алады.

Губернатор Тройницкий мен ерекше тапсырмалар бойынша чиновник Третьяков 1909 жылы 13 қыркүйекте Омбыдағы далалық облыстар генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал-лейтенант Тихменевтің сұрауына берген жауабында Байтұрсыновтың тұтқынға алыну себебін былайша түсіндіреді: «Байтұрсынов Қарқаралы уезіндегі қырғыздар арасында сеперативтік рухтағы насихат жүргізген және Семей облысына тыс өлкеге жер аударылған Жақып Ақбаевты қайтару туралы арыз ұйымдастырған. Уез бастығының тергеуінде болған адамдардың көрсетуіне қарағанда, ол жүргізген насихаттың мазмұны: біріншіден, қырғыз жұртының арасында өзін-өзі автономиялық басқару идеясын тарату, ал белсенді әрекеттерге көше қалған күнде орыс билігінен қорықпау, өйткені Қытай мен Ауғанстан оларға көмек көрсетуге даяр сияқты оларға сайса, екіншіден, алым-салықты төлемеу және орыстар мен қырғыздардың арасында өшпенділікті қоздыру болды» [6, 127 б].

1909 жылдың екінші жартысында ешқандай да тергеусіз абақтыда отырған Байтұрсыновтың жағдайына анықтық енгізу мақсатында оның жақын туыстары мен достары біраз шараларды іске асырды. Байтұрсыновтың жары Бәдрисафа Байтұсынова далалық облыстардың генерал-губернаторына «белгісіз себептермен абақтыға жабылған» күйеуінің ісі бойынша тергеу жұмысын тездетіп, оның кінәлі екендігі дәлелденбеген жағдайда босатуын өтініп арыз жазып, бірақ қабылдамайды.

Байтұрсыновтың ісі бойынша үкімет орындарын белгілі бір шешімге келуге итермелеген Мемлекеттік Думаның мүшесі Н. Л. Скалозубовтың 1909 жылы 17 қарашада ішкі істер министрінің орынбасары П. Г. Курловқа жолдаған хаты еді. Мемлекеттік дума мүшесі хатында «Семей мен Өскемен абақтыларында біраз уақыттан бері тергеусіз, сотсыз бірнеше қырғыз интеллигенті жатқан көрінеді олар өздерінің шарасыз жағдайына көңіл аударуды өтінеді», бұл істерді тездетіп аяқтауға болмас па екен деген ойды білдіреді. Генерал Тихменев министр атына жолдаған осы хатында Қарқаралы уезіндегі қазақтар арасындағы үгіт-насихат жүргізуде «кінәсі Байтұрсыновтан кем емес» деген бірнеше адамның атын атайды. Олар Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтың інісі Ыбрай Ақбаев, Қу болысының бұрынғы меңгерушісі Хасен Ақбаев, Қарқаралыдағы емхананың фельдшері Ахмет Райымбеков. Бұл аталған кісілердің бәрі де «қырғыздарды салық төлемеуге, билік орындарына бағынбауға» үгіттеді деп көрсетіледі [7,82 б].

Бұл тізімнің ішіндегі Асылбек Сүлейменов 15 жасар бала болатын. Оған тағылған айып «Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа білгендігі» еді. Қатынаста жоғарыда аталған жетеуінен «кінәсі кемдеу», бірақ бұлар да үкіметке қарсы насихат жұмысымен айналысқан деп бір топ Тоқырауын болысы (Ә. Бөкейхановтың туып-өскен жері) тұрғындарының аты-жөні аталып, оларға да жоғарыдағыларға таңылған кінә жүктеліп, тек «қырғыздарды отырықшы тұрмысқа өтпеуге үгіттеді деген айыпты қоса тіркейді. Қарқаралы интеллигенциясының ісі 1910 жылы ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып, 19 ақпанда Омбыдағы генерал-губернатор кеңсесіне «А. Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, Жетісу және Торғай облыстарында тұруға тиым салынады деген министрдің бұйрығы келеді. Бұл хабардың артын ала Қарқаралы уезінің жоғарыда аталған жеті азаматы, Смахан Бөкейханов, Ыбрай Ақбаев, Хасен Ақбаев, Ахмет Райымбеков, Асылбек Сүлейменов және Смаил Байтеновтердің Том губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылатындығы туралы министрдің шешімі келіп жетеді» [8, 56 б.].

Отаршыл әкімшілік пен Қарқаралы интеллигенциясы арасында 1905 жылдан басталған саяси күрес соңғыларын жазалау шараларымен аяқталған. Көріп отырғанымыздай, саяси жазалауға тек ұлттық наразылықтың көш бастаушылары ғана (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев т.б.) емес, сонымен бірге азаттық қозғалысың қатардағы қолдаушылары да айтқанда, патша үкіметі кімдерді, не үшін жазаға тартқанын жақсы түсінді.

XX ғасырдың бас кезінде екі бірдей – отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамына бір жағынан, ауыр қоғамдық дағдарысқа келіп, тірелсе екінші

жағынан, ортағасырлық ұйқыдан оянып, басқа елдермен бірге өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті.

Қолданылған әдебиет

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (көмекші оқу құралы).- Алматы: Санат, 2008.- 368 б.
2. ҚР ОММ. - 64-қ., 1-т., 5832-іс
- 3 ҚР АММ.- 430-қ., 9-т., 1-іс
- 4.ҚР ОММ. - 46-қ.,1-т, 165-іс
5. Бөкейханов А. Шығармалар-Алматы:Қазақстан,1994.-384б.
- 6.Байгелова Н. Қарқаралы петициясы // Заң және заман 2005. №9 46-49б
7. ҚР АММ.- 430-қ., 9-т., 3-іс
8. ҚР ОММ.-25-қ., 1-т., 1415-іс

КАСПИЙ МӘСЕЛЕСІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ-ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Болатбек Данабек

ais_11.91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Тарих факультеті, 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., доцент Жаркенова А.М.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында мемлекет шекарасын бекемдеу ісі күн тәртібінде маңызды болды. Қазақ елі геосаяси жағынан өте маңызды орында орналасқандықтан, шекараны бекемдеуде біраз қиыншылықтарға тап болды. Жер қатынастары басқармасының бастығы Мәлік Жекеевтің тілшілерге берген сұқпатынан: «Біріншіден, Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара болып табылады. 7,5 мыңнан астам шақырымға созылған шекара бойында өте көп істер жүргізілді, әр елді мекеннің жағдайы егжей-тегжей зерттелді. Екіншіден, кезінде Қазақ КСР-і мен РСФСР арасындағы шекара құқықтық жағынан Өзбек, Түрікмен, Қырғыз КСР-лері шекараларымен салыстырғанда уақытында нақтыланып, заңдастырылмаған болып шықты. Негізінде, белгіленген шекара болғанымен, іргелес жатқан шаруашылықтар жергілікті кеңестер шешімімен жер учаскелерін қажеттілікке байланысты алмастыра берген. Сөйтіп, 1920 жылы Қазақ АКСР-і құрылғаннан бері Қазақстан - Ресей шекарасы бірнеше рет өзгеріске түскен екен. Бір мемлекетке қараған тұста кейбір аудан, елді мекендер бір республикадан екіншісіне беріле бергендіктен, шешім қабылдағанда, екі жаққа да тиімді болатын түсіністікке келу жолдары мұқият қарастырылды. Шекараға қатысты көптеген құжаттар, карталар жан-жақты зерттелді, бұрынғы Одақ кезіндегі, екі елдің қазіргі заңдарын негізге алып, оларды өз мүддемізге мүмкіндігінше тиімді пайдалануға барымызды салдық. Сөйтіп, Ресейге ретсіз сынық сүйем жер жібермедік» - делінген. Осы сұқпаттан-ақ құрлықтық шекараны бекемдеудің оңай болмағанын аңғаруға болады [1].

Мен жоғарыда көрсеткендей біздің елдің Ресеймен құрлықтық шекарасы толық айқындалған, бірақ Каспийдің шекаралық бөлінісі айқындалмаған, халықаралық заңмен негізделмеген. Есенгүл Кәп қызының «Түркістан» газетіне берген мақаласында: «Мемлекеттік Дума алдында екпіндей сөйлеген Путин ешқандай заң бұзбағандығын, Қырым халқының өз таңдауын ашық және заң шеңберінде жасағандығын, Қырымның әрқашан Ресейдің бір бөлігі болып келгендігін ерекше «шабытпен» жеткізді. Жеңіске жеткендігіне масаттанғандығы байқалады. Мемлекеттік Дума өкілдері Путиннің әрбір сөзіне қол соқты. Сөйтіп өзге елдің территориясына аннексия жасап, Украинаның субъектісі болып табылатын Қырымды тартып алғандығын мақтан етті», - деп жазған. Осы мақалының үзіндісінен-ақ Ресейдің кез-келген елдің заңдық, саяси осал тұсын қаншалықты тиімді пайдаланатынына көз жеткіземіз [2].